

«Алтайдың» әлеуметтік дүкені



Лебяжі ауданындағы «Алтай» шаруа қожалығы облыс орталығынан әлеуметтік дүкен ашты. Мұнда малдың еті мен сүтінен дайындалған таза табиғи өнімдер базар бағасынан арзанға сатылады. Жаңа әлеуметтік дүкен Қамзин көшесіндегі «Достар» сауда үйінің ішінде орналасқан.

Жалғасы 2-бетте >>

«Алтайдың» әлеуметтік дүкені

« Басы 1-бетте

Тілеуберді САХАБА



«Достар» сауда үйінің иесі Алмагүл Темірбаева Аққу өңіріндегі «Алтай» шаруа қожалығымен ежелден бері тығыз байланыста жұмыс істеп келе жатқанын айтады.

- «Алтай» шаруа қожалығының қымызын бүкіл Павлодар жұртшылығы жақсы біледі. Біздің дүкеннің клиенттері де осы шаруашылыққа тапсырыс береді. Бұдан былай олар «Алтайдың» қымызын ғана емес, ет және сүт өнімдерін де тұтына алады. Мұнда ескірген не болмаса уақыты өткен тауар шығарылмайды. Арнайы зертханалық тексеруден өтіп, рұқсат берілген тағамдар ғана сатылады. Дүкен сересін күнде жаңартып отырамыз. Екі адам жұмыспен қамтылды, - дейді А.Темірбаева.

Мұнда жылқы етінің келісі - 1200, сиыр етінің келісі - 1000, қой етінің келісі - 900, сары майдың келісі - 1300, қымыз - 500, құрт 600 теңгеден босатылуда. Алдағы уақытта құжаттарын әзірлеп, рұқсат алған соң, сүт және ірімшік өнімдері де қойылатынын айтады кәсіпкерлер.

Лебяжі ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Жәнібек Жұмабаев: «Осыдан бірнеше жыл бұрын облыс орталығында Лебяжінің әлеуметтік дүкені болған. Бірақ бір себептермен жабылып қалған еді. «Алтай» шаруа қожалығы осы олқылықтың орнын толтырып отыр. Жақында шаруашылық Малыбай ауылдық округіне қарасты Қазы ауылында сүт өңдеу цехын ашпақшы. Бұл - шалғай ауыл тұрғындары үшін үлкен жаңалық. Ал аудан көлемінде 24 әлеуметтік дүкен бар. Онда Үкімет бекіткен әлеуметтік маңызы бар 33 түрлі тағам келісімшарт бойынша төмен бағамен сатылады. Яғни, өз бағасына 10 пайыз ғана қосып сатуға» дейді.

Естеріңізге сала кетейік, «Алтай» шаруашылығы 1992 жылы құрылған. Бүгінде шаруашылық 1000-ға тарта жылқы, 200-ге тарта қазақтың ақбас тұқымды қара малын өсіріп, ауыл шаруашылығы өнімдерін нарыққа шығарып отыр. Шаруашылық жетекшісі Сәтбек Мукин 2008 жылы «Алтай» маркалы қымыздың цехын ашып, өз кәсібін өрістете түсті. Бүгінде «Алтайдың» қымызы еліміздің бірқатар облысына және Ресей, Германия сынды шет мемлекеттерге тарайды.